Су өткізу/сантехникалық желілерді, ғимараттағы ұқсас жабдықтарға және климаттық (кондиционерлік) жабдықтауды, жүйелерді/вентиляция жүйелеріне техникалық қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетулерді бір көзден шарт жасасудың негіздемесі

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес, бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен мемлекеттік сатып алу келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

* біртектес тауарларды сатып алу кезінде, егер мұндай тауарлардың жылдық көлемі ақшалай мәнде жүз еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспаса;

* жұмыстар мен қызметтер бойынша - бес жүз еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспаса;

* ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін - төрт мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспаған жағдайда.

Бұл көрсеткіштер тисті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленеді.

Сонымен қатар, Заңның 16-бабының 5-тармағына сәйкес, бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы, не оның міндеттерін атқарушы тұлға, немесе орталық мемлекеттік орган аппаратының басшысы не оның өкілеттігін жүзеге асыратын өзге де лауазымды тұлға қабылдайды.

Сондай-ақ, Заңның 16-бабының 6-тармағына сәйкес, бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарын сақтай отырып жүргізіледі. Атап айтканда, Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және тармақшаларында көрсетілген қағидаттар.

Бұл ретте, бір көзден тікелей шарт жасасу туралы шешім қабылдаған тұлға жоғарыда аталған қағидаттардың сақталуына жеке жауапты болады.

Аталған қағидаттарды сақтау мақсатында Тапсырыс беруші үш (3) әлеуетті енім берушіден баға ұсыныстарын суратты.

Сонымен бірге, Қазакстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 34-қосымшасына сәйкес, келесі бағаны толтыру көзделген: бір көзден сатып алу жадайының ерекшелігі растайтын құжаттың атауы, күні және нөмірі (қызметтік жазба, қорытынды, анықтама).

Осыған байланысты, Қағидалардын 510-тармағына сәйкес, шарт жасалғаннан кейін тапсыры беруші бес жұмыс күні ішінде бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы мемлекеттік сатып алу туралы есепті веб-порталда орналастыру тиіс және осы қызметтік жазбаны көрсетуі керек.

Қағидалардың 506-тармағына сәйкес, бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілін таңдаудың негіздемесі мынадай: Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), б) және 7) тармақшаларында көзделген қағидаттарды сақтау мақсатында Тапсырыс беруші үш (3) баға ұсынысын сұратып, нарықтағы бағаларға талдау жүргізді. Аталған өнім берушіде осы жұмыстарды, қызметтерді сапалы орындау үшін қажетті барлық тауарлар, жабдықтар мен білікті қызметкерлер бар.

Директор: **Мусабекова Р.**